

А 2004  
17 к

ӘЛІМБЕК Г.

# ҚАЗАҚ ТІЛІ



“Сөздік-Словарь”  
2005







Әлімбек Гауһар

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

*Дене тәрбиесі және спорт факультеттерінің студенттеріне  
арналған*



“Сөздік-Словарь”  
2005

Пікір жазғандар: **Әбдіғалиева Тілеулес**  
*филология ғылымының докторы,*  
*профессор*  
**Әміров Әбдібек**  
*филология ғылымының кандидаты*

**Әлімбек Гауһар**

**Ә 55** Қазақ тілі. Дене тәрбиесі және спорт факультеттерінің студенттеріне арналған оқу құралы —“Сөздік-Словарь”. Алматы. — 112 бет.

**ISBN 9965-409-79-X**

Бұл оқу құралы дене тәрбиесі және спорт факультеттерінің студенттеріне арналған.

Оқу құралына спорттың әр түріне қатысты және аты аңызға айналған белгілі спортшылардың өмірі мен олар туралы жазылған қызықты, танымдық ғибраты мол мәтіндер енгізілген. Көкпар, бәйге, аударыспақ сияқты ұлттық спорт ойындары мен өз еліміздің спорттық өміріне қатысты және елімізді әлемге танытқан саңлақтарымыз жөнінде көптеген мәліметтер берілген. Қажымұқан, Балуан Шолақ, Мұстафа Өзтүрік, Бекзат Саттарханов, Бақтияр Артаев, Дәрмен Садуақасов сынды есімдері қалың жұртқа танымал топжарғандар туралы мәтіндерді сол қатарға жатқызуға болады.

Кәсіби тілді игерту мақсатын көздей отырып жазылған белгілі бір мамандық иелеріне арналған оқу құралы болғандықтан, арнаулы мәтіндермен қатар, салаға қатысты негізгі термин сөздердің сөздігі де беріліп отырады. Сондай-ақ, тіл үйренушілердің өткен материалдарды игеру деңгейін анықтау үшін оқу құралының соңына қарай тест сұрақтары енгізілген.

Ә  $\frac{4602020400}{00(05)-05}$

ББК 81.2 Қаз я 73

ISBN 9965-409-79-X

© Әлімбек Гауһар, 2005  
© “Сөздік-Словарь”, 2005

## АЛҒЫ СӨЗ

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында студенттерге тіл үйрету барысында оларға мамандыққа қатысты лексиканы, кәсіби тілді игертуге көбірек мән беріле бастады. Кейбір сала мамандарына арналған оқу құралдары, мәтіндер жинағы жарық көрді. Дене тәрбиесі және спорт факультеттерінің студенттеріне сабақ жүргізу барысында, бұл саланың мамандарына да өз мамандықтарына қатысты арнаулы оқулықтың, оқу құралының қажет екендігі байқалады. Сол себепті біз осы салаға маманданып жатқан студенттерге арнап осы оқу құралын ұсынып отырмыз. Оқу құралына спорттың әр түріне қатысты және аты аңызға айналған белгілі спортшылардың өмірі мен олар туралы жазылған қызықты, танымдық ғибраты мол мәтіндерді енгіздік. Көкпар, бөйге, аударыспақ сияқты ұлттық спорт ойындары мен өз еліміздің спорттық өміріне қатысты және елімізді әлемге танытқан саңлақтарымыз жөнінде көбірек мәлімет беру мақсаты көзделді. Қажымұқан, Балуан Шолақ, Мұстафа Өзтүрік, Бекзат Саттарханов, Бақтияр Артаев, Дәрмен Садуақасов сынды есімдері қалың жұртқа танымал топжарғандар туралы мәтіндерді сол қатарға жатқызуға болады. Бұлардың бірінің аты дүниенің төрт бұрышына танымал болса, бірінің есімі алты алашқа белгілі ел азаматтары. Олардың спорттағы жетістіктері мен өмірі болашақ мамандарға үлгі болары сөзсіз.

Тіл үйренушілер ұзақ мәтіндерді көргенде көлеміне қарап ақ ынтасын жоғалтып, беті қайтып қалатын жағдайлар да болады. Сондықтан да мүмкіндігінше мәтіндердің қысқа әрі студенттерге қажетті танымдық-ақпараттық мәліметтерге толы болу жағын да назардан тыс қалдырмадық.

Мәтіннен кейін онымен жұмыс жасауға арналған бірнеше тапсырмалар берілді. Студенттердің сабақ тақырыбына қатыс-

ты сөйлеп, мәтінде бар мәліметтерді пайдалана отырып, өзара ой бөлісуіне де оқу құралында баса көңіл бөлінді. Өткен сабақ тақырыбына сәйкес сұхбат құру немесе сөз қалдырылып берілген сұхбаттарды тиісті сөздермен толықтыру сияқты тапсырмаларды сол қатарға жатқызуға болады.

Кәсіби тілді игерту мақсатын көздей отырып жазылған белгілі бір мамандық иелеріне арналған оқу құралы болғандықтан арнаулы мәтіндермен қатар салаға қатысты негізгі термин сөздердің сөздігі де берілді. Сондай-ақ тіл үйренушілердің өткен материалдарды игеру деңгейін анықтау үшін оқу құралының соңына қарай тест сұрақтары дайындалды. Бұл тіл үйренушілермен бірге тілді үйретуші оқытушылардың жұмысына да қажет деп білеміз. Оқу құралында тіл үйренушілердің ауызекі сөйлесу дағдысын қалыптастыруға айрықша мән беріле отырып, қажетті грамматика да берілді.

*Автор*

# БІРІНШІ САБАҚ

Өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүние жүзі білетін Республика Туын, Елтаңбасын, Гимнін ардақтап, құрметтеуге тиіспіз.

*Нұрсұлтан Назарбаев*

## 1. Мәтінді оқыңыздар.

### Қазақ елінің Елтаңбасы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ ұғымы — қазақ халқында үлкен үй дегенді білдіреді. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған, оны аңыз әңгімелердегі пырақтар қанаты көмкеріп тұр. Елтаңбаның жоғары жағында бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі жағында “Қазақстан” деген жазу бар.

Елтаңба авторлары — суретшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов.

### Қазақ елінің Туы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Жалауы ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген. Күн — көшпенділердің өмір символы. Қанатты қыран — дала бүркіті бейнесі — еркіндіктің белгісі. Сонымен қатар туда “қошқар мүйіз” деп аталатын ұлттық өрнек орналасқан. Күн, шұғыла, өрнек және қыран бейнесі — алтын түсті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Жалауының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков.

? 2. Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Шаңырақ қазақ ұғымында нені білдіреді?
2. Елтаңбамыздың авторлары кімдер?
3. **Күн, қыран** бейнелері ненің белгісі?
4. Туда қандай өрнек орналасқан?
5. Туымыздың авторы кім?

? 3. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Әннің бір түрі — **әнұран** туралы не білесіңдер?
- 2) Қазақстанның әнұранының сөзін жатқа білесіңдер ме?
- 3) Еліміздің әнұранының сөзін жазған кімдер?
- 4) Басқа қандай әнұрандарды білесіңдер?

♪ 4. Мәтінді оқып, жаттап алыңыздар.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘНҰРАНЫ

Жаралған намыстан қаһарман халықпыз,  
Азаттық жолында жалындап жаныппыз.  
Тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен  
Аман-сау қалыппыз, аман-сау қалыппыз.

**Қайырмасы:**

Еркіндік қыраны шарықта,  
Елдікке шақырып тірлікте!  
Алыптың қуаты — халықта,  
Халықтың қуаты — бірлікте!

Ардақтап анасын, құрметтеп данасын,  
Бауырға басқанбыз баршаның баласын.  
Татулық, достықтың киелі бесігі —  
Мейірбан Ұлы Отан, қазақтың даласы!

**Қайырмасы:**

Талайды өткердік, өткенге салауат,  
Келешек ғажайып, келешек ғаламат!  
Ар-ождан, ана тіл, өнеге-салтымыз,  
Ерлік те, елдік те ұрпаққа аманат!

**Қайырмасы:**

5. Өнұранның мазмұнын өз ойларыңмен жазыңыздар.  
6. Өнұрандағы түсініксіз сөздерді теріп жазып, олардың аудармасын, мағынасын сөздіктен қараңыздар.

7. Сөздермен жұмыс істеңіздер.

*Қаһарман халық, азаттық, жалындап жану, тағдыр, тозақ, еркіндік, елдік, қуат, ананы ардақтау, бауырға басу, келешек, ғажайып, ана тілі, ұрпақ, аманат.*

8. Сөз тіркестерін құрастырыңыздар.

қаһарман . . . . .  
азаттық . . . . .  
аман-сау . . . . .  
ананы . . . . .  
киелі . . . . .  
қазақ . . . . .  
еркіндік . . . . .



9. Үйге тапсырма.

- ◆ Өнұранды нақышына келтіріп айтуға дайындалыңыздар.
- ◆ Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақстан қайда орналасқан және қандай мемлекеттермен шектеседі?
2. Қазақстанда қанша облыс бар?
3. Қазақстанның табиғат ерекшелігі қандай?
4. Халқының саны қанша?
5. Қазақстанда қандай өзендер, көлдер бар?
6. Ауыр және жеңіл өнеркәсіптің орталықтары қай қалаларда?
7. Қазақстанның астанасы қайда орналасқан?
8. Қазақ елі егеменді ел болып қай жылы, қай айда жарияланды?
9. Қазақстан жерінде қандай тарихи жерлер бар?

- ♦ Мәтінді оқып, әңгімеленіңіздер.

## Қазақстан

Қазақстан Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы 150000 шақырымнан (километрден) астам. Батысында және солтүстігінде Ресеймен, оңтүстігінде Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, ал шығысында Қытаймен шектеседі.

Халқының саны 17 миллионнан астам. 130-дан астам ұлт өкілдері Қазақ елінде тату-тәтті өмір сүруде.

Қазақ елі егеменді ел болып 1991 жылы, желтоқсан айында жарияланды. 1992 жылы наурыз айының екісінде Қазақстан Республикасын дүние жүзі танып, Біріккен Ұлттар Ұйымына толық құқылы мүше етіп қабылдады.

1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары — Мемлекеттік туы, Елтаңбасы, Әнұраны қабылданды. Қазақ елі өзінің жаңа ұлттық валютасын 1993 жылы қарашаның 25-інде шығарды. 1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасы өз Конституциясын — Ата Заңын қабылдады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі.

25 қазан — Ұлттық мейрам, Республика күні.

## Дыбыстар жүйесі

<b>Дауысты дыбыстар:</b> а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і (гласные)	
жуан	а, о, ы, ү
жіңішке	ә, е, ө, і, ұ

<b>Дауыссыз дыбыстар:</b> б, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, х, һ, ш (согласные)		
катан (глухие)	к, қ, п, с, т, ш	
ұян (звонкие)	б, г, ғ, з, д, ж	
үнді (сонорные)	мұрын жолды (носовые)	м, н, ң
	ауыз жолды (плавные)	л, р, й, у

Қазақ алфавиті 42 әріптен тұрады. Оның 33 әрпі — кириллица негізінде жасалған орыс алфавитінің әріптері және қазақ тілінің 9 төл дыбысы.

В исконно казахском языке существуют 28 звуков. Они, как и в русском языке, делятся на две основные группы: гласные и согласные.

Казахский алфавит состоит из 42 букв, из них звуки **ә, ө, ұ, ү, ы, і, ғ, қ, ң, һ** присущи только казахскому языку.

# ЕКІНШІ САБАҚ

## 1. Мәтінді оқыңыздар.

### **Қажымұқан** (1871—1948)

Қазақтың тұңғыш кәсіпқой спортшысы Қажымұқан Мұңайтпасұлы бұрынғы Ақмола облысының Қараөткел дуанына қарасты Қоспада дүниеге келді. Мұқанның ата-бабалары шетінен батыр, ер жүрек, балуан болған.

Денесі ерекше зор, өте жігерлі бала 12—13 жасынан бастап ел көзіне ілігеді, 14—15 жасқа келгенде, ересек, жиырмадан асқан жігіттерден басым түсіп, белдескендерін жыға бастағаннан кейін, ауылдастары бұл баланың балуандық, батырлық келешегінің мол екенін байқайды. 16—17 жасқа келгенде көптеген ас пен тойларға барып, атақты балуандармен белдеседі.

Мұқанның үлкен спорттық табыстарының бірі — 1909 жылы Рига қаласында өткен чемпионат. Рига чемпионатында Мұқан үлкен табысқа жетті. Ол 10 кездесуде таза жеңді. Бірінші жүлде, яғни бас бәйге алуы, қазақ балуанының шынында да “чемпионның чемпионы” екенін дәлелдеді.

Ол еркін күрес бойынша Америка чемпионы атағына ие болады. (1910).

Қажымұқан 1914, 1915, 1916 жылдары зор табысқа ие болды. Бұл жылдары әлем чемпиондары Жан Сабатье, Лас-сартес, Черноянз, Иван Сидль, аса көрнекті негр балуандары Чемберс Ципс, Джо Моро, Италия күрес шебері Джовани, Швеция чемпионы Андерссон, Финляндияның даңқты түйе балуаны Ярвинен, орыс алыптары Мартынов, Аксенов, Сандаров сияқты кілем ардагерлерімен кездесіп, олардың жауырынын жерге тигізді.

Қажымұқан — кәсіпқой күрестің үш түрінен, атап айтқанда, еркін күрестен, французша (грек-рим) күрестен, джиюдзису күресінен әлем чемпионы. Ол — кәсіпқой спорттың жарық жұлдызы, қазақ халқының бағына біткен күш атасы, қайталанбас біртуар тұлға.

Күш атасы. Алматы “Қазақстан”, 1990  
Құрастырушы Ф. Тәшімбаев

## **? 2. Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңіздер.**

1. Қажымұқан кім?
2. Қажымұқан қайда туылған?
3. Қай кезден бастап балуандармен белдеседі?
4. Ол Рига қаласында өткен чемпионатта нешінші орын алды және қанша рет кездесуге шықты?
5. Қай жылы Қажымұқан еркін күрестен Америка чемпионы болды?
6. Ол кімдермен кездесіп жеңіске жетті?
7. Қажымұқан кәсіпқой күрестің қай түрінен әлем чемпионы?

## **☺ 3. Мәтінді әңгімелеңіздер.**

## **! 4. Оқып, біліп алыңыздар.**

Қажымұқан алып күш, күрес шебері ғана емес, өмірде бір адамның бойына сирек бітетін тамаша, неше түрлі адам таңдандыратын ғажап цирк өнерлеріне де шебер жан еді.

Ол Берлинде жуандығы еліден асатын сым темірді мойнына галстук, беліне белбеу қылып орап, темірді қамырдай илеп дегеніне көндірсе, Парижде сахнаға мініп шыққан түйесін мойнына салып көтеріп алып кеткен. Ол 75 пұт жүк салынған арбаны тісімен сүйреп сахнаға шығаратын, алып кеудесіне 20 пұттық тас қойғызып, екі пұттық балғамен уаттыратын. Мұндай күш өнерлерін Қажымұқан қиналмай-ақ орындайтын.

Орыс алыбының қолынан келетін “ғажап көпір” атты нөмір кім-кімді де таңдандырмай қоймайды. Өйткені, палуан “көпір” жасап тұрып, үстінен жүкті машина өткізу керек. Бұл — жан түршігерлік өте қауіпті өнер. Палуан өміріне қауіп төндіретін осы “ғажап көпірді” И. М. Заикиннен кейін тек Қажымұқан ғана жасайтын.

## 5. Мәтінге қатысты сөздердің аудармаларын біліп алыңыздар.

кәсіпқой спортшы	профессиональный спортсмен
жығу	1) сваливание, опрокидывание; 2) победа в борьбе (напр. в спортивной)
балуан	борец
белдес	схватывание
жауырынын жерге тигізу	положить на лопатки
еркін күрес	вольная борьба

## 6. Сөздермен жұмыс істеңіздер.

Күрес шебері, кәсіпқой спортшы, ер жүрек, қазақ балуаны, атакты балуандар, еркін күрес, әлем чемпионы.

## 7. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойыңыздар.

Спортшы..., ата-баба..., жиырма..., балуан..., қала..., ол..., ардагер..., чемпион... .

### Жіктік жалғау (Формы спряжения)

**Жіктік жалғау** — іс әрекеттің кімге қатысты екенін білдіретін грамматикалық категория.

Қазақ тілінде есімдер де, етістіктер де жақ бойынша түрлене алады. Жіктік жалғаулар жақтық мағына берумен қатар, жекеше, көпше мағыналарды бере алады. Қазақ тілінде жіктік жалғаудың төрт түрі бар.

Формы спряжения это — грамматическая категория, которая обозначает действие предмета. Формы спряжения бывают в 3-х лицах единственного и множественного числа. В казахском языке существуют четыре вида формы спряжения.

**1-түрі.** Зат есім, сын есім, есімдік, қалып етістіктері (отыр, тұр, жатыр, жүр), есімшелер, үстеулер.

Спряжения существительных, прилагательных, местоимений, глаголов состояния (отыр, тұр, жатыр, жүр), причастий, наречий.

Жак (Лицо)	Жекеше (Ед.число)	Көпше (Множ.число)
1	-мын,-бын,-пын,-мін,-бін,-пін	-мыз,-быз,-пыз,-міз,-біз,-піз
2	-сың,-сің	-сындар,-сіндер
3	-сыз,-сіз	-сыздар,-сіздер
4	-	-

### 8. Мына сөздерді жіктеңіздер.

	Мен Я	Сен Ты	Сіз Вы	Ол Он	Біз Мы	Сендер Вы	Сіздер Вы	Олар Они
Образец: Спортшы Спортсмен	-мын	-сың	-сыз	-	-мыз	-сындар	-сыздар	-
Студент Студент								
Сайышы Фехтовальщик								
Футболшы Футболист								
Шахматшы Шахматист								
Хоккейші Хоккеист								
Теннисші Теннисист								
Жүзгіш, Малтығыш Пловец								
Гимнастшы Гимнаст								
Волейболшы Волейболист								
Боксшы Боксер								
Балуан Борец								
Шаңғышы Льжник								
Самбошы Самбист								

## 9. Мына сөйлемдерді аударыңыздар.

Қажымұқан өз өмірінде 48 алтын, күміс, қола медальмен, “Құрмет белгісі” орденімен марапатталған.

Оған 1937 жылы Орынборда өткен ең ірі чемпионатта бірінші орын алуына орай, Қазақстан Орталық Атқару Комитеті “Қазақ даласының батыры” деген атақ берген.

Түрік еліне барған сапарында түрік жұрты белдескен балуандардың бәрін жыққан қайратына риза болып, оған “Қажы” деген атақ береді.

Ресейдің ірі қалаларында өткен чемпионаттарға қатысып, “Ямогата Муханура” деген атпен аренаға шығады.



## 10. Үйге тапсырма.

- ◆ Мәтінді әңгімелеңіздер.
- ◆ Сөйлемнің жалғасын дұрыс тауып, аяқтаңыздар және

аударыңыздар.

1. Денесі ерекше зор, ...	... Америка чемпионы атағына ие болады	
2. 16-17 жасқа келгенде, көптеген ас пен-тойларға барып,	...батырлық келешегінің мол екендігін байқайды	
3. Ол еркін күрес бойынша	атақты балуандармен белдеседі	

<p>4. Қажымұқан — көсіпқой күрестің үш түрінен,</p>	<p>атап айтқанда, еркін күрестен, французша (грек-рим) күрестен, джию-джису күресінен әлем чемпионы</p>	
<p>5. Қажымұқан Мұңайтпасұлы бұрынғы Ақмола облысының</p>	<p>Қараөткел дуанына қарасты Қоспада дүниеге келді.</p>	
<p>6. Ауылдастары бұл баланың балуандық,</p>	<p>өте жігерлі бала 12-13 жасынан бастап ел көзіне ілігеді</p>	

# ҮШІНШІ САБАҚ

## Балуан Шолақ

### 1. Мына сөздердің мағынасын түсініп алыңыздар.

атақты	знаменитый, знатный
палуан	борец
құмар	страсть
оң қол	правая рука
саусак	палец
ат үстіндегі жаттығу	упражнение на лошади
күрделі	сложный
баспен тұру	стойка на голове
күш	сила
ептілік	ловкость
қабырға	ребро

### 2. Мәтінді оқыңыздар.

## Балуан Шолақ

(1864–1919)

Нұрмағамбет Баймырзаұлы Ақмола облысы, Еңбекшілер ауданында туған. Ол атақты палуан, әнші, композитор, ақын. Әкесі Баймырза ағаш шебері болған. Балуан Шолақ ән-күйге жасынан құмар болып өседі. Жас кезінде оң қолының саусақтары үсіген. Ол, кейін күш-қажыры толысып, палуандығы танылған кезде Балуан Шолақ атанады. Балуан Шолақ 14 жасынан бастап күреске түсіп, ат құлағында ойнаған спортшы болған, шауып келе жатқан ат үстінде әр түрлі күрделі жаттығуларды шебер орындаған.

Мысалы, жүйткіп келе жатқан ат үстінде түрегеліп, не басымен тұруы, аттың бауырынан өтуі, бір аяғын үзеңгіге қыстырып, шалқалап жатып шабуы бойындағы жойқын күшті,

ептілікті шебер игере алатындығын, қазақтың далалық цирк өнерінің іргетасын қалағандығын айғақтайды.

Көкшетау қаласындағы үлкен жиындарда 51 пұт (830-дай) кірдің тасын көтеріп, дүйім жұртты таңқалдырған. 1899 жылы орыс палуаны Иван Кореньмен күресіп, оның қабырғасын сындырғанда, Балуан Шолақ 35-те еді. Мұның үстіне Балуан Шолақ ән-күйге жасынан құмар болады. Балуан Шолақ осы екі өнерді қатар дамытады.

Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы.

### ? 3. Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Балуан Шолақтың шын аты кім?
2. Ол қай жылы, қайда дүниеге келген?
3. Ол “Балуан Шолақ” деп неліктен атанған?
4. Ол қандай өнерлерімен жұртты таңқалдырған?

### ☺ 4. Мәтінді әңгімелеңіздер.

5. Сөйлемнің жалғасын дұрыс тауып, аяқтаңыздар және аударыңыздар.

1	Балуан Шолақ ән-күйге	спортшы болған	
2	Балуан Шолақ палуан,	жасынан құмар болып өседі	
3	Ол ат құлағында ойнаған	Балуан Шолақ 35-те еді	
4	Иван Кореньмен күрескенде	шебер орындаған	
5	Әр түрлі күрделі жаттығуларды	әнші, ақын, композитор	

### ! 6. Мән беріңіздер.

...Музыканың жұмыс салдарынан пайда болған шаршағандықты ұмыттырып, өзіне баурап әкететін қасиеті болады. Ол — бізге осы жұмыстың зардабына шыдауға, төзуге көмек етеді.

*әл-Фараби*

7. Мына сөздерге көптік жалғауын жалғап, сөйлем құраңыздар.

Әнші, палуан, ағаш, ақын, ат, жаттығу, аяқ, дала, цирк, жігіт, өнер, ән.

*Үлгі: Әншілер, “Менің Қазақстаным” атты халықаралық ән байқауына көптеген Қазақстандық танымал әншілер қатысты.*




#### 8. Үйге тапсырма.

♦ Балуан Шолақ туралы қосымша мәлімет тауып, әңгімелеңіз.

♦ Мына сұраққа дайындалып келіңіздер.

♦ Балуан Шолақтың қандай әндерін білесіздер?

# ТӨРТІНШІ САБАҚ

## Жауһар алыстан жарқырайды

 1. Мәтінді оқыңыздар.

### Бекзат Саттарханов

Бекзат Саттарханов 1980 жылы 4 сәуірде Оңтүстік Қазақстан облысының, Түркістан қаласында дүниеге келген. Жасөспірім кезінен балалар спорт мектебінде тәрбиеленген. Ол өзінің таланты мен еңбексүйгіштігінің арқасында бокста елеулі табыстарға қол жеткізді. 1998 жылы Бекзат жастар әлем чемпионатының күміс жүлдегері, 1999 жылы ересектер арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері атанды. Бекзаттың спорттағы ерлігін Отанымыз жоғары бағалап, Сидней Олимпиадалық ойындарында көрсеткен жеңіске деген ерікжігері мен ерлігі үшін бірінші дәрежелі “Барыс” орденімен марапаттады.

**? 2. Мәтінге қатысты сұрақтарға жауап беріңіздер.**

1. Бекзат Саттарханов қай жылы, қай жерде дүниеге келген?
2. Жасөспірім кезінен қандай мектепте тәрбиеленген?
3. Бекзат өзінің қандай қасиеттерінің арқасында бокста табыстарға қол жеткізді?
4. Ол қандай жарыстарға қатысып, жеңіске жетті?
5. Ол қандай орденмен марапатталды?

 3. Мәтінді әңгімелеңіздер.

**! 4. Оқып, біліп алыңыздар.**

Алматы түні. 4 қазан. Бозала таңда бұрын-соңды мұндай нөпір халық думаны болған емес. Халық өз ұландарын тік көтеріп алды. Тілдесуге мұрша жоқ.

Суреттей сұлу Бекзат беу, қандай... Бозбала дерсің. Ал, сөзі... “Мен бұл жеңісімді туған жерім — Түркістанның 1500 жылдығына арнадым”, — деп жалпақ елге жүрек түкпіріндегі перзенттік сөзін ақтарып салды.

Бір қарағанда ол бозбала. Боздалада туып, ер жеткен. Ат жалын тартып мінген. Бозжусанды топыраққа табанын басқан.

Бекзатпен мен “Егеменнің” қонақжай шаңырағында кездестім. Тұңғыш рет бетпе-бет. Біз ұзақ сырластық.

“Аға, менде ұзақ өмірбаян жоқ, әлі жаспын ғой”, — дейді Бекзат ұяң қалпымен. Ал, мен “Сидней Олимпиадасындағы чемпиондық өнерің қазақ үшін ең ұзақ және ұмытылмайтын өмірбаяның”, — деймін...

Бекзат Саттарханов: 1995 жылы Ермахан, Қанат Шағатаев пен Нұржан Смановтарға еліктеп, алғаш бокс қолғабын кидім. 1996 жылы жастар арасында республика чемпионы болдым. 1998 жылы жастар арасындағы әлем біріншілігінде күмістен алқа тақтым. Бірнеше халықаралық жарыстарда жеңіске жеттім. Олимпиадаға лицензия-жолдаманы Ташкентте өзбек боксшысын ұтып алдым.

“Егемен Қазақстан” газеті, 21 қазан 2000 ж.

М. Төлепберген.

## 5. Мәтінге қатысты сөздердің аудармаларын біліп алыңыздар.

жасөспірім	юноша
еңбексүйгіш, еңбекқор	трудолюбивый
елеулі	значительный
қол жет(кізді)	достигать чего-л
ерік-жігері	Сила-воля
марапаттады	восхвалять кого-что-л

## 6. Сөздермен жұмыс істеңіздер.

## 7. Мына сөздердің дұрыс аудармасын табыңыздар.